



FTAXP 16.21.25
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-287-303>

«Бабырнама» тіліндегі септік жалғауларының ерекшеліктері

А.Р. Халметов*¹, М.Қ. Ескеева¹, Э. Баймухамбетова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Maqsut Narikbayev University, Астана, Қазақстан

(E-mail: alisher.rahimjan@outlook.com, mag61103@inbox.ru, e_baimukhambetova@kazguu.kz)

Аңдатпа. Шағатай тілін XV ғасырдан XX ғасырға дейін кең географиялық аумақты мекендейтін бүкіл шығыс түркі халықтары біртұтас жазба тіл ретінде қолданғандықтан, осы тілде көптеген құнды шығармалар жазылды. Соның бірі – Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр шахтың (XV-XVI ғғ) «Бабырнама» атты еңбегі. Бабырдың шығармашылығы түркі халықтарының тарихында ерекше орын алады. Бұл еңбек түркі мәдениеті мен тарихының қайнар көзі, сонымен қатар қазіргі түркі жазба тілдерінің даму жолын айқындауға мүмкіндік беретін маңызды дереккөз саналады. Мақалада «Бабырнама» шығармасындағы септік жалғаулары және олардың сөйлем ішіндегі қызметі басқа түркі жазба ескерткіштері деректерімен салыстырмалы тұрғыда талданады. Түркі тілдеріндегі септік категориясының даму жолы туралы жалпы сипаттама беріліп, «Бабырнама» тіліндегі септік жалғауларының өзіндік ерекшеліктері анықталады. Жазба ескерткіш тіліндегі септік жалғауларының грамматикалық мәні мен қызметі, сөйлем құрамындағы сөздерді бір-бірімен байланыстыру қабілеті мен синтаксисік қатынастарды қамтамасыз ету мүмкіндіктері сараланады. Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» шығармасының тілі ескі қазақ тілінің бастапқы үлгісі тұрғысынан қарастырылады.

Түйін сөздер: Бабыр, түркітану, қолжазба, шағатай тілі, септік жалғаулары, түркі тілдері.

Кіріспе

Тарихта сирек кездесетін көрнекті тұлға, ірі саяси қайраткер Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр Үндістан түбегінде ғана емес, Шығыс пен Батыс әлемінің ұлы бірегей билеушісі ретінде танымал. Бабыр шығармашылығының көкжиегі кең болды, ол өнердің барлық түрлеріне дерлік қызығушылық танытты. Табиғатты сүйетін, зерттеуші, саяхатшы,

Түсті: 05.12.2024; Мақұлданды: 25.06.2025; Онлайн қолжетімді: 01.07.2025

этнографияның жаршысы, бақ сәулетшісі, атқа міну, садақ ату және қылыш тарту өнерінің шебері, каллиграф, музыкант, заңгер, ою-өрнек өнері мен кітапты сүйетін, әдебиет әуесқойы, түркі әдебиетінде өз қолтаңбасын қалдырған ақын [1]. Бабыр жауынгер және басқарушы болуымен қатар, өз заманының ең көрнекті ғылым және әдебиет қайраткерлерінің бірі болды. Түркі әдебиетінде Науайдан кейін шағатай поэзиясы мен прозасы бойынша теңдессіз еңбектерін жазды [2]. Захир ад-дин Мухаммед Бабырдың шығармашылығындағы ең маңызды еңбегі – «Бабырнама». Жазба ескерткіш шағатай әдеби жазба тілінің грамматикалық және стильдік тұрғыдан шындалған кезеңінің үлгісі болып табылады.

«Бабырнама» тілі қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің тарихи арналарының бірі болғандықтан, ескерткіш тілін грамматикалық тұрғыдан зерттеу қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерінің қалыптасу, даму жолын анықтауға септігін тигізетін өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Мақалада «Бабырнама» шығармасында қолданылған септік жалғауларына және олардың сөйлем ішіндегі қызметтеріне тоқталып, септіктердің басқа да тарихи жазба ескерткіштердегі формаларына талдау жасалады, «Бабырнамадағы» қолданысымен салыстырмалы талданады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақаланы жазу барысында дәстүрлі сипаттау, жүйелеу, жалпылау әдістері және салыстырмалы-талдау тәсілі қолданылды. Мақаланың дереккөзі ретінде М.Шеннің 1997 жылы қорғаған *Baburname Giriş-Metin (Kabil ve Hindistan Bölümleri) – Açıklamalı Dizin* атты докторлық диссертациясында берілген «Бабырнама» жазба ескерткішінің мәтіні негізгі дереккөз ретінде алынды.

Зат есімдердің грамматикалық категорияларының бірі – септік жалғаулары. Қазіргі қазақ тілі деректері негізінде М.Б.Балақаев септік жалғаулары деп сөйлем ішінде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсуі үшін атау сөздердің қосымша қабылдауын және грамматикалық тұрғыдан өзгеруін айтады. Ғалым өз еңбегінде септік жалғауларын грамматикалық септік жалғаулары және мекен, орын білдіретін септік жалғаулары деп екі топқа бөледі. Мұндағы атау, ілік септік жалғауы, барыс және табыс септік жалғаулары грамматикалық септік жалғаулары ретінде, жатыс және шығыс септік жалғаулары «мекен білдіретін жалғаулар» ретінде қарастырылған. Грамматикалық септік жалғауларының негізгі міндеті – субъектіні, тиістілікті, объектіні білдіру болса, мекен білдіретін септік жалғауларының міндеті – әрекеттің қашан, қайда басталғанын, жалғасып жатқанын, әрекеттің орнын көрсету екені айтылады [3].

Э.Р. Тенишев ата түркі тілінде (пратюркский) алтыдан сегізге дейін септік жалғаулары бар екенін айта отырып, ата қыпшақ тілі бойынша олардың үшеуін грамматикалық: атау септік, ілік септік және табыс септік; үшеуін орын білдіретін септік жалғаулары ретінде қарастырған: барыс септік, жатыс септік және шығыс септік. Қалған септік жалғауларының қыпшақ кезеңінен кейін пайда болғанын атап өтеді. Мұндағы жанама септік жалғауларының түбір соңындағы дауыссыз-дауысты үйлесіміне байланысты екенін, ал одан шығатын қорытынды ретінде дауыссыз дыбыспен басталатын

жалғаулардың дауыссыз дыбыспен басталатын сөздерден шыққанын көрсетеді [4]. Орхон ескерткіштері тілін терең зерттеген Ғ. Айдаров көне түрк тілінен жеті септікті – атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес/құралды септіктерін ажыратады [5]. Зат есімдер сөз тіркестері мен сөйлемдерде басқа сөздермен қатынасқа түскенде, қатынастың түріне қарай түрлі қалыптарда болып келеді: есімдермен, шылаулармен және етістіктермен әртүрлі синтаксистік қатынастарды сипаттайды. Бұл қатынастар құрылғанда атау сөздер әрдайым бір қалыпта болмайды, қатынастың түріне қарай түрлі жағдайларға түседі. Атау сөздерді әртүрлі қатынастар үшін әртүрлі қалыптарға, жағдайларға енгізетін – септік жалғаулары [6]. Демек, септік жалғаулары – сөйлем құрамындағы сөздерді бір-бірімен байланыстыратын көп түрлі, мағыналары мен грамматикалық қызметі әр алуан морфологиялық тұлға.

Нәтижелер және талқылаулар

Септік жалғаулары сөйлемде кездесетін сөздер арасындағы ең маңызды көпір болып табылады, олар сөздерді бір-бірімен байланысқа түсіріп, дәнекерлесуін қамтамасыз етеді. Сөздер өзара синтаксистік қатынасқа түспейінше толыққанды, көп құрамды сөйлем құрау мүмкін емес екені белгілі. Септік жалғаулары атау сөздердің сөйлемнің басқа мүшелерімен, әсіресе баяндауышпен байланысында басты рөл атқарады. Зат есімдерді немесе субстантивтенген сөздерді сөйлем ішінде басқа бір мүшеге қосатын, мағыналы хабарламаның құрылуын қамтамасыз ететін, сөйлем ішіндегі есім сөздермен немесе етістіктермен уақытша байланыс орнатуға мүмкіндік беретін, ең өнімді қолданыстағы грамматикалық категория – септік жалғаулары. Септік көрсеткіштері өзі жалғанған лексемаларды басқа сөздермен байланыстырып қана қоймайды, өзара қатынасқа түскен сөздерге қосымша мағыналық реңк үстемелеп отырады. Яғни, жекелеген сөздердің септік категориясымен түрленуі арқылы сөйлем құрамындағы лексемалар белгілі бір деңгейде семантикалық құбылуларға ұшырауы мүмкін. Мұндай реңктік құбылулар сөздердің өзара тіркесімділігі мен үйлесімділігін бекіте түседі әрі тілдегі тұлға мен мағына сабақтастығын сипаттайды. Бұл септік жалғауларының сөйлем құраудағы қызметінің белсенділігі мен икемділігін айқындайды.

Септік жалғауларының жалпы түркі тілдеріне тән орналасу тәртібі шағатай жазба тілінде де толық сақталған, яғни септік жалғаулары әрқашан көптік және тәуелдік жалғауларынан кейін жалғанады. Септік жалғаулары есімшелерге де жалғанады және бұл жағдайда есімшеден кейін келіп, сөз мағынасы жағынан үстеу қызметін атқарады.

Атау септік. Арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ атау септіктің өзіне ғана тән субстанттық мән білдіретін грамматикалық мағынасы, грамматикалық субъектіні сипаттайтын синтаксистік қызметі болады. С.Исаев атау септіктің қосымшасы жоқ болғанымен, атау септікте тұрған сөздің сөз түбірімен бірдей еместігін және басқа септік жалғаулары үшін негіз бола алмайтынын, бұл күйдің өз алдына «нөлдік форма» ретінде анықталатынын атап айтады [7]. Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде атау септік басқа септік жалғаулары үшін негіз болатыны көрсетіледі [3]. Б.А. Серебренниковтың жұмысында түркі жазба тілдерінде атау септіктің ешқашан арнайы қосымшасы

болмағаны, сөздің түпнұсқасы немесе туынды қосымшалы негізі ретінде пайда болатыны және бұл ерекшеліктің түркі жазба тілдерінде де сақталғаны туралы мәлімет берілген [8].

XVI ғ. мұрасы «Бабырнама» ескерткіші тілінде де атау септігіндегі зат есімдер мен жіктеу есімдіктері, басқа да субстантивтенген сөздер белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады:

1) Атау септік тұлғасындағы сөздер негізінен сөйлемнің бастауышы қызметін атқарады: *Ahîr, Bedî ʿüzzamān Mîʿrzā arağa tüşüp yaraşıp içkeri taşkarı tüşken yigitlerni alışıp yandılar* (35b) “Кейін Беддиүззаман Мырза араларына түсіп, келісіп тұтқындағы жігіттерді өзара алмастырып қайтты”; *Mîʿrzā bile Muḥammed Kūlî Qoçın, Ḥasan Şerbetçi bile kirdiler* (36b) “Мырзамен бірге Мұхаммед Құлы Қочын, Хасан Шербетчі бірге кірді”.

2) Атау септік формасындағы есімдер көмекші етістікпен бірге қолданып, сөйлемнің ішінде баяндауыш қызметін атқарады: *Yana Aḥmed Tevekkül Barlas êdi* (171b) “Біреуі Ахмет Тәуекел Барлас еді”.

3) Бастауыш қызметінде қолданылатын атау септіктегі жіктеу есімдіктерінің жасырын тұруы жиі қолданылады: *Evāyil mührdār êdi* (171a) “(Ол) бұрында мөр басушы еді”.

«Бабырнама» тіліндегі атау септігінің қолданылуы мен қазіргі қазақ тіліндегі атау тұлғалы сөздердің қолданысы, олардың сөйлемдегі қызметі, синтаксистік қатынастар түзу мүмкіндіктері бірдей болып келеді.

Ілік септік. Ілік септігінің жалғаулары тәуелдік категориясымен тығыз байланыста қалыптасқан грамматикалық бірлік, «септік категориясының грамматикалық тұрғыдан тиянақталуын оның тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесімділігі қамтамасыз етеді» [9]. Көне түрк тілінде бұл қосымша *-iñ, -iñ, -uñ, -üñ; -niñ, -niñ, -niñ, -niiñ* түрінде болған [10]. К. Эрасланның пікірінше, ескі ұйғыр түркі тілінде ілік септіктің екі түрі болған: қосымшасыз және қосымшалы, алайда қосымшасыз түрі кең тарамаған, ал қосымшалы ілік септік *-niñ, -niñ, -niñ, -niiñ* қосымшаларымен жасалған [11]. Қыпшақ түркі тілінде бұл септік *-niñ, -niñ* (есімдік сөздерде *-iñ, -iñ*) қосымшасы арқылы жасалады [12]. Й. Экманн шағатай тілінде бұл қосымшаның *-niñ, -niñ*, кейде еріндік дауыстыдан кейін *-niñ, -niiñ* түрінде болатынын, кейде *-ni, -ni* түрінде кездесетінін, өлеңдерде жиі түсіріліп кеткендігін атап өткен [13]. А. Бодролигети шағатай тілінде осы формалардан басқа *-n, -uñ, -üñ, -iñ, -iñ* түрлерінің қолданылғанын да атап өтеді. Олардың ішінде *-niñ, -niñ, -niñ, -niiñ* түрлері бұл кезеңнің шығармаларында ең көп қолданылған ілік септік қосымшалары болып табылады. *-n* қосымшасы болса, үшінші жақ тәуелдік жалғаудан кейін қолданылған ілік септік жалғауы болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, ілік септік қосымшасы жиі түсіріліп те қолданылған [14].

Ілік септіктің негізгі міндеті – екі сөз арасындағы «қатыстық (тиістілік/иелік, меншік)» қатынас орнатып, анықтауыштық қызмет атқару болып табылады. Шағатай түркі тіліндегі ілік септік жалғауы *-niñ/-niñ, -niñ/-niiñ* тұлғасында қолданылады [13]. Есімдіктерден кейін ілік септік жалғауы *-iñ* формасында келеді (*meniñ, seniñ, biziñ, siziñ* сияқты). Кейбір жағдайларда тәуелдік жалғауынан кейін септік жалғауы қолданылмайды және осы кезде ілік септіктің міндетін тәуелдік жалғауы атқарады [13]. Сонымен қатар кейде ілік септік жалғауы болып табылатын *+niñ* орнына табыс септік *+ni* жалғауы да

ілік септік функциясымен сөйлемге қосыла алады. «Бабырнама» тілінде сөйлем ішіндегі байланыстарда қатыстықты сипаттайтын ілік септіктің атқаратын қызметі аса белсенді байқалады.

Меншіктік мағынада екі зат есім арасындағы «қатыстық» байланыстарды сипаттайтын ілік септіктері: *Fergāna vilāyetiniñ girdāgirdi tağlarıda yaḥşı yaylaqlar bar* (5a) “Ферғана уәлаятының айналасындағы тауларда әдемі жайлаулар бар”; *Semerqand'niñ ğarbī ʔarafı yēgirme bēş yığaç yoldur* (48b) “Самарқандтың батыс жағы жиырма бес йығач (ұзындық өлшемі) жол”; *İlek Yaylağı'ğa, kim Hışār vilāyetiniñ yaylağlarındur, kēlip tūştüm* (120a) “Хисар уәлаятының жайлауларының бірі болып табылатын Ілек жайлауына келіп түстім”; *Qal'anıñ cenūbıda Şāh Kābil'niñ şarkıda bir uluq kolaya tūşüptür* (128b) “Қаланың оңтүстігінде Шах Кабилдің шығысында үлкен көл орналасқан”; *Hocend'niñ avlağı ve kuşlağı bisyār yaḥşıdur* (4a) “Ходженттің аңдары мен құстары өте жақсы”; *Afğanlarnıñ içige kirip kılıç salur maḥallda atını oqlap yıqarlar* (238b) “Афғандардың ішіне кіріп, қылыш сермегенде атын жебемен атып құлатады”; *Kurğan bile deryāniñ şimāl ʔarafıda bir tağ tūşüptür, Munuğıl atlıq* (4a) “Хисар мен көлдің солтүстігінде Мұнұғыл атты тау бар”; *Her ħirfegerniñ bir başka bāzārı bar, birbirlerine maḥlūt ēmestür* (47b) “Әр мамандық иесінің бір-біріне араласпайтын жеке нарығы бар”.

Есімдіктерге жалғанып, сөйлем ішіндегі қатыстық байланыстарды сипаттайтын ілік септіктері: *Sultān Qulı Çanaq bularniñ soñıça ēdi*. (161a) “Сұлтан Құлы Чанақ олардың артынан еді”.

«Бабырнама» тіліндегі кейбір ілік септік тұлғаларының басқа септік (көмектес/құралды, табыс) мағынасына тән қызметтерде жұмсалуды да ұшырасады: *Mēniñ bile bolğan kişi uluğ ve kiçik iki yüz kırk kişi ēdi* (61a) “Менімен бірге болғандар үлкен-кіші екі жүз қырық адам еді” “Мұны көмектеске апару керек!; *Biziñ ebnā-yı cinsimiz dēmey ki ednā nökerimizge qılğan insāniyyetni bizge qılmadı, belki nökerimizce bizni közge ilmadı* (82a) “(Бізді) бір жынысты демеді, ең төменгі қызметшімізге көрсеткен адамгершілікті бізге көрсетпеді, тіпті қызметшілерімізге көрсеткен құрметін де бізге көрсетпеді”. Соңғы сөйлемнің бірінші компонентінің мағынасын қазақ тілінде екі септік тұлғасымен де беруге болады, мысалы: ілік септігі – *Біздің бір жынысты екенімізді ескермеді; табыс септігі – Бізді бір жынысты демеді*. Бұл түркі тілдерінің бәріне тән сөйлеушінің мақсатына сәйкес айқындалатын ойды берудің синтаксистік амалдарына жатады.

Бұл септік категориясының көне түрк тіліндегі формасы шағатай кезеңінде және қыпшақ кезеңінде де жалғасын тапқан. Қазіргі қазақ тілінде **-niñ/-niñ** формасының қолданысын атап өту қажет. Қазақ тіліндегі варианттарының ескерткіш тіліндегі варианттарға қарағанда ауқымды болуы қазақ тіліндегі үндестік заңдылығының белсенділік деңгейіне қатысты қалыптасқан құбылыс. Ал **-iñ, -iñ** формаларының қазақ тілінде тек 1 және 2 жақ жекеше есімдіктерде ғана қолданылатынын атап өткен жөн.

Барыс септік. Түркі тілдеріндегі барыс септігінің негізгі мағынасы «іс-әрекеттің, қимылдың кімге, неге, қайда бағытталғанын білдіреді, сондай-ақ сөйлем ішінде іс-қимылдың мерзімі мен мөлшерін, бағытын, мақсатын айқындайды» [9]. А.Габэн көне түрк тілінде барыс септіктің қосымшасы **-қа, -ке**, сирек жағдайда **-а, -е**; дауысты дыбыстардан кейін **-уа, -уе** түрінде қолданылатынын атап өтеді. Т. Текин Орхон түркі тілінде барыс

септігі қосымшасының сонымен қатар беру мен болуды білдіретінін және оның -ка, -ке, -ға, -ге түрінде болатынын, жекеше бірінші және екінші жақ тәуелдік жалғауы қосылған сөздерден кейін -а, -е, үшінші жақ тәуелдік жалғау қосылған сөздерден кейін бар -ña, -ñе түрінде келетінін атап өткен. К. Эраслан бұрын айтылған пікірлерге тоқталып, қосымшаның негізгі үш қызметін атайды: есімдерді есімдермен байланыстыру; есімдерді етістіктермен байланыстыру; есімдерді шылаулармен байланыстыру [15, 10, 11].

А. Қараманлыоғлы қыпшақ түркі тілінде кейбір жеке мысалдарды алмағанда жалғаудың дыбыс үндестігіне сәйкес -қа, -ке, -ға, -ге түрінде жалғанатынын, бұған қоса, бірінші және екінші жақ жекеше және көпше тәуелдік жалғауы бар сөздерден кейін -а, -е формасының да бар екенін атап өтеді. Сонымен қатар бұл қосымшада -g түсірілмегенін, Орхон жазбаларында да кездесетін осы ерекшеліктің сақталғанын атап өткен [12]. Шағатай түркі тілінде қосымша дауысты дыбыстардан кейін -ға, -ге; ұяң және үнді дауыссыздардан кейін негізінен -ға, -ге (б мен д-дан кейін кейде -қа, -ке), қатаң дауыссыз дыбыстардан кейін -қа, -ке түрінде жалғанады. Тәуелдік жалғауынан кейін -ға, -ге, онымен бірге -а, -е түрі де қолданылып, үшінші жақта -на, -не түрі қолданылған [13, 14]. М. Томанов ескі түркі жазбаларында қосымшаның бірнеше түрі бар екенін және олардың кейбірінің ерекше қолдану ауқымдары бар екенін атап өтеді. Мысалы -ğaru, -gerü қосымшаларының қозғалыс бағытын немесе орнын білдіретінін жазады. Көп қолданылатын барыс септік қосымшасы да -ға, -ге, -қа, -ке, ал тәуелдік жалғау жалғанған сөздерден кейін -а, -е болып келетінін атап өткен [16].

Дауыссыз және дауысты дыбыстардан кейін қосылатын -ға, -ге (дауысты дыбыстар мен ұяң және үнді дауыссыздардан кейін), ал қатаң дауыссыз дыбыстардан кейін -қа, -ке қосымшасы арқылы жасалған барыс септігінің сөйлем құруда әртүрлі қызмет атқаратыны байқалады. «Бабырнама» ескерткіші тіліндегі барыс септігі көрсеткіштерінің сөйлем ішіндегі синтаксистік қатынастарды қамтамасыз ету барысындағы қызметі бірнеше бағытта көрініс табады:

1) Барыс септік жалғауы жалғанған сөз сөйлем ішінде баяндауыштың бағыты мен кімге айтылып тұрғанын білдіреді: *Hürmüz ve Hindüstân'ğa tamām munıñ bādāmı barur* (4b) “Бұл жердің бадамының барлығы Хүрміз бен Үндістанға кетеді”; *Bādşāhnıñ tili tutulup édi, aǵzıǵa pařta bile su tamızadurlar édi* (53b) “Падшахтың тілі байланған еді аузына мақтамен су тамшылатты”; *Andicān'ğa yürüşmek hayāli bile kömek tiley Taşkend'ke hān qaşıǵa bardım* (56a) “Әндіжанға жету арманымен көмек сұрап Ташкентке ханның алдына бардым”; *Biziñ ebnā-yı cinsimiz demey ki ednā nōkerimizge qılǵan insāniyyetni bizge qılmadı, belki nōkerimizçe bizni közge ıladı* (82a); “Бір жыныстымыз демеді, ең төменгі қызметшімізге көрсеткен адамгершілікті бізге көрсетпеді, тіпті қызметшілерімізге көрсеткен құрметін де бізге көрсетпеді”.

2) “-ға дейін” мағынасымен сөйлемдегі ойға қатысты кеңістіктің, жердің, бағыттың т.б. шекарасын анықтайды: *Yana bir Höcend'dür, Andicān'dın ğarb sarıǵa yegirme beş yıǵaç yoldur* (4a) “Біреуі Ходжент, Әндіжандан батысқа қарай жиырма бес йығач (ұзындық өлшемі) жол”; *Taǵnıñ başıǵa yavuqrağ hayli şafalıq yer emestür* (239b) “Таудың басына жақындау соншалықты жайлы жер емес”.

3) “үшін” мағынасында сөйлемнің ішіндегі етістіктің мақсатын немесе себебін білдіреді: *Bu cihettin bu ismğa mevsümdur* (4b) “Бұл себептен осы атпен аталған”; *Ebū'l Kāsım Kūhber*

ve İbrāhî'm Tarḥan ābdān kişilerini mülāzemetķa yiberip ķulluk ve iḥlāş izḥārını ķıldılar (82b) “Әбу'л Қасым Құхбер мен Ибраһим Тархан ең жақсы адамдарын менімен кездесу үшін жіберіп, қызмет пен бағынушылықтарын білдірді”; *Fi'l vāķ'i bahārlar seyr ķılmaķķa, ķuş salmaķķa ve ķuş atmaķķa bu yerlerce yem kem oķ bolğay nēçük kim Kābil ve Ġaznî vilāyetiniñ ta'ri'f ü tevşî'de şemme mezkūr u meşūr boldı* (202b) “Қабыл мен Газна уәлаяттарының баяндалуында қысқаша айтылғандай, шынымен де көктемде серуендеуге, құс ұшыруға және құс аулауға осы жерлерден жақсы орындар аз кездеседі”.

4) Сөйлемнің баяндауышы ырықсыз етіс формасында тұрған болса, әрекетті жасаушыны білдіреді: *Munça kişi baķıp tutup bir nēçe yayaķ Afgān'ğa tüptüz yerde mundaķ yigitni aldurup...* (239a) “Осыншама көп адам қарап тұрып жай жерде бірнеше жаяу афғанға осындай жігітті жем қылып...”

5) “үстінде, ішінде” мағынасында баяндауыштың бағытын көрсетеді: *Şeybānî Ħān'ğa Tūrkistān'da ħizmet ķılıp ri'āyet tapıp édi, üstige turarlar* (84a) “Түркістанда Шейбани ханға қызмет етіп, абыройға ие болды”; *Semerķand'dın Mehdi Sultān, Baysunğur Mî'rzā'nıñ ilğarını başlap kēlip bularnıñ üstige turdılar* (38b) “Самарқандтан Мехди Сұлтан Байсұнғұр Мырзаның дұшпан жеріне аттанған ақыншыларын басқарып шабуылға шықты”; *Kēmiler üstige ķoyğan bēğler ve baḥşılar ve di'vānlar çerigke kēlgen ēlniñ sanını 'arzğā yētkürdiler* (254a) “Кемелерге мінген билер, бақсылар мен дивандар шеруге келген адамдардың санын хабарлады”.

6) Белгілі бір уақыт аралығын анықтау: *Tañlasıǵa Moğul bēğleri 'arzğā yetkürdiler...* (56a) “Таңға [қарай] монғол бейлері келді ...”

Бабырнама тіліндегі атау септігінің негізгі қызметтері: барыс септігі жалғауы жалғанған сөз сөйлем ішінде баяндауыштың бағыты мен кімге айтылып тұрғанын білдіру; “үшін” мағынасында сөйлемнің ішіндегі етістіктің мақсатын немесе себебін білдіреді; “үстінде, ішінде” мағынасында баяндауыштың бағытын көрсетеді.

Көне түрк тіліндегі -ка, -ке, -га, -ге барыс септік формасының шағатай және қыпшақ кезеңдерінде жалғасын тапқанын көреміз. Қазіргі қазақ тілінде де бұл септіктің өзгеріссіз қолданысын көреміз. 1 және 2 жақ жекеше формадағы тәуелдік жалғауы жалғанған сөздерге бұл жалғау -а, -е, ал 3 жақ тәуелдік жалғауы жалғанған сөздерден кейін жалғаудың -на, -не болып жалғануы көне түрк кезеңінен бері жалғасуда.

Табыс септік. Табыс септігі жалғанған сөздер сөйлем ішінде негізінен сабақты етістікпен синтаксистік қатынасқа түсіп, тура толықтауыш қызметінде жұмсалады.

Көне түрк тілінде табыс септік үш түрлі тәсіл арқылы қолданылған: жалаң күйдегі есімдерден кейін -g, -ğ, тәуелдік жалғаулы сөздерден кейін -ın, -in кейбір мысалдарда -nı, -ni. Қараханидтер кезеңінде дауысты дыбыспен аяқталатын сөздерден кейін -g; дауыссыз дыбыспен аяқталатын сөздерден кейін, дауыстысы езулік болса -ig, -ig ал еріндік дауыстыдан кейін -ug, -üg қосымшасы қолданылған; сирек жағдайларда қосымша, түбір мен негіздерде, тәуелдік жалғауынан кейін және есімдіктерде -ı қолданылған. Көне ұйғыр түркі тілінде -nı табыс септігі қосымшасы тек есімдіктерде емес, басқа сөздерде де қолданылатын болған және қосымшаның дауысты дыбысы дауыстының еріндік езулік болуына тәуелді болмаған. Бастапқыда барлық тәуелдік жалғаулы есімдерде қолданылған -n табыс септігі қосымшасының қолданылу аясы тарылып, тек үшінші жақ

тәуелдік жалғауларынан кейін қолданылатын болған [13, 14]. ([10, 11]. Қыпшақ тілінде қосымша -nı, -nı; үшінші жақ тәуелдік жалғаулы сөздерден кейін -n түрінде кездеседі [12]. Шағатай тілінде қосымша -nı, -nı, үшінші жақ тәуелдік қосымшасынан кейін -n түрінде қолданылады; сонымен қатар табыс септігі жалғаулы және жалғаусыз қолданылуы мүмкін [13, 14].

«Бабырнама» тілінде есімдерге -nı қосымшасы және үшінші жақта жекеше түрде әдетте -n немесе сирек жағдайда -nı қосылады, табыс септігі кейбір жағдайларда қосымша қолданылмай-ақ білдірілуі мүмкін.

Мәтінде екі түрлі қызмет атқаратын және сөйлем бірлігінде орын алатын табыс септігінің мысалдары және сөйлем құрудағы қызметі төмендегідей:

1) Табыс септігі жалғанған есім – әрекеттен тікелей әсер алатын тұлға немесе зат болып табылады. Бұл жағдайда, табыс септігіндегі есім негізгі сөйлем мен сабақтас сөйлемнің объектісі (немесе өзегі) ретінде қызмет атқарады: *Bu künden keyin Qalāt'ın algandın soñ işbu yara bile bardı* (158b) “Бір күннен кейін Қалатты алған соң жараланып келді;” *Zelzele bolğaç özini taşladı, āsı'bi yetmedi* (157b) “Жер сілкінісі болғанда өзін төменге тастады, бірақ зақымданбады”; *Mı'rzā Hān'ın, kim Kābil'ın algandın soñra Horāsān sarı ruḥşat berilip edı...* (208a) “Кабулды алғаннан кейін Хорасан жағы рұқсат етілген Мырза ханды...”; *Andın soñ İbrāhı' m Saru'yu ve Veys Lāğarı'nı bi' -günāh, bi'-cihet tutturup talatıp vilāyetleridin ayırıp ruḥşat berdi* (74b) “Одан кейін Ибраһим Сару мен Вейс Лагариді күнәсіз және себепсіз ұстап, олардың мал-мүлкін тонап, оларды өз аймақтарынан айырып, рұқсат берді”; *Qorqas oq kılıç sağdaqnı bağlap fı'l hāl atlandım* (106b) “Тұра салып садақ пен қылышымды іліп алып сол күйде атқа міндім”; *Hı'ç işni büttermey yandı* (165b) “Ешбір ісін бітірместен қайтып келді”.

2) Сөйлемде толықтауыш қызметін атқарып, зат есім мен етістік арасында байланыс орнатады: *Uşol zamān her iki sāzını eligige aldı* (157b) “Сол кезде ол екі сазын да қолға алды”; *Bāvücūd kim uluḥ beg edı, hergiz hıdmetini terk kılmas edı* (174a) “Өте үлкен би еді, ешқашан қызметін тастамайтын еді”; *Özbek dek yat yağı Horāsān'ın aldı* (208a) “Өзбек сияқты жат дұшпан Хорасанды алды”; *Şeybak Hān Qandahār'nıñ taş qurğanını alıp erkini alay almay yañğanını ve Şeybak Hān yañğandın soñ ba'zı cihetlerdin Nāşır Mı'rzā Qandahār'ın salıp Gaznı' 'ğa kēlgeniniñ haberini meşrūh-ı 'arz kıldı* (215a) “Шейбак хан Қандағардың сыртқы қамалын алып, ішкі сарайын ала алмай кері қайтқанын және Шейбак хан кері шегінгеннен кейін, кейбір себептермен Насыр Мырза Қандағарды тастап, Газнаға барғаны туралы хабарды түсіндіріп, баяндады”; *Çünkü vilādetiniñ haberni yiberdük* (220a) “Осылайша біз оның дүниеге келгені туралы хабарды жібердік”.

3) Табыс септік жалғауы алған бір сөз басқа есіммен ілік септік қызметінде қолданылуы мүмкін. Бұл сөз тіркесі сөйлем ішінде толықтауыш қызметін атқарады. Й. Экманның пікіріне сүйенсек, бұл жағдай ілік септік жалғауы орнына кей кезде табыс септік жалғауының қолданылуымен байланысты [13]. Тарихи ескерткіштердің тілінде де табыс септік жалғауының қолданылғанын көре аламыз: *anı teg* «ол сияқты». «Бабырнама» тілінде – *Andaq rivāyet kıldılar kim bir kırğavulnı işkenesi bile dört kişi yéyip tükete almaydur* (2b) “Мұндай аңыз бар: қырғауылдың етін төрт адам жеп бітір алмайды”.

Табыс септік жалғауы көне түрк тілінде үш түрлі жалғаумен көрсетілген болса, шағатай және қыпшақ кезеңінде бір жалғаумен ғана жасалатын болған. Бұл қолданыс

қазақ тілінде де жалғасын табуда. Бұл әрине шағатай жазба тілін ескі қазақ жазба тілінің XV-XVI ғасырлардағы көрінісі, тарихи арнасы ретінде қарастыруға толық мүмкіндік береді.

Жатыс септік. «Бабырнама» тіліндегі заттың, құбылыстың, қимыл-әрекеттің орнын, мерзімді, жасты білдіретін жатыс септік жалғауларының тұлғасы да, мәні де, қызметі де қазіргі қазақ тілінде толық сақталған. Шағатай түркі тілінің жалпы жатыс септігінің қосымшасы -da, -de болып табылады, бірақ ол кей кездері дауыссыз дыбыстардан кейін -ta, -te түрінде де қолданылады. Шағатай тілінде жалпы қолданылатын ереже бойынша дауысты және ұяң немесе үнді дауыссыздардан кейін осы қосымшалардың d-мен басталатын нұсқалары пайдаланылады, ал қатаң дауыссыздармен аяқталатын сөздерге осы қосымшалардың -da және -ta нұсқалары қосылуы мүмкін [13]. «Бабырнама» ескерткіші тіліндегі жатыс септігі көрсеткіштерінің контекстке байланысты атқаратын қызмет ауқымы бірнеше бағытты қамтиды.

1) Сөйлемде әрекеттің жасалу орнын білдіреді: *Uşbu yurttā Hüsrev Şāh'nıñ cēbeḥānesi dağı cēbelerni üleşildi* (125a) “Бұл жерде Хүсрев Шахтың барлық қаруы мен сауыттары бөлінді”; *Bāvücūd kim meni bādşāh köterip ēdi, naqqāresini öziniñ eşikide çaldurur ēdi* (159a) “Мені падишах ретінде танығанына қарамастан, накараны (патшалық белгісі болатын дауыл) өз қақпасында ұрғызатын”; *Bāğda üzümü qalın bolur* (136a) “Бауда жүзімі көп болады”; *Çendāvel bölgesiniñ ayağıda qatıq zelzele boldı...* (216b) “Чендавел аңғарының төменгі бөлігінде қатты жер сілкінісі болды”; *Bu kentlerdin qoyırağ deştin bir kürüh, yoqqarı baqa dāmenede tağnıñ tüpide çeşme vāki boluptur, Hwāce Seyārān derler* (136b) “Бұл қалалардан төменде далада бір күрух (екі мильге жақын өлшем бірлігі), жоғары қарай бет алған таудың айналасында, таудың шыңында Ходжа Сеяран аталған бір бұлақ орналасқан”.

2) Әрекеттің орын алған күйін, шарттарын және әрекеттен әсер алған аймақты білдіреді: *Bolğan kişi bile atlanıp kūçe kūçeniñ başıda yigitlerni ta'yi' n qılmaqqa ve uruş yarağıda ēdük kim Şeyh Bāyezī'd ve Kamber 'Alī' ve Muḥammed Dost, Tenbel qaşıdın işlāḥ üçün qatrap keldiler* (111b) “Қол астымдағы адамдармен атқа мініп, әр көшенің басында батырларды тағайындап, соғысқа дайындық жасап жатқанда, Тенбел тарапынан Шейх Баязид, Камбер Али және Мұхаммед Дост бейбітшілік туралы сөйлесу үшін асығыс келді”; *Mi'rzādeliğda ve devlette ulğayıp ēdi* “Бейзадалық пен мемлекеттік (істерде) өскен еді”; *Andın beri Usruşna 'Ömer Şeyh Mi'rzā taşarrufıda ēdi* (8b) “Сол уақыттан бері Усрушна, Өмір Шейх Мырзаның қол астында еді”.

3) Барыс септіктің қызметін атқарып әрекеттің бағытын білдіреді: *Āftāb bir neyze boyı çıqır ēdi kim Senced dere ayağıda kēlip tüşüldi* “Күн бір найза бойы көтерілгенде, Сенджед өзенінің төменгі жағына жеткен еді”.

4) Әрекеттің орын алған уақытын немесе уақыттағы бір нүктені көрсетеді: *Sultān 'Alī' Mi'rzā zamānıda köp ulğayıp ēdi, nökeri bēş altı miñge yetip ēdi* (22b) “Сұлтан Әли Мырза заманында айтарлықтай өскен, адамдарының (әскери) саны бес-алты мыңға жеткен еді”; *Āḥi'r Baysungur Mi'rzā bile Sultān 'Alī' Mi'rzā'nıñ gāvğasıda uluğluğ zamanıda bednāmıq bile öldü* (21b) “Кейінірек қартайған шағында Бәйсұғыр Мырза мен Сұлтан Әли Мырза арасындағы жанжалда жаман атпен өлді”; *Uşol furşatta Tēñri raḥmetiğā bardı* (21a) “Сол кезде Алла рақымына алды”; *Ol maḥallda bu Hūdāyberdi Timurtaş yēgirme bēş yaştā érđi*

(13a) “Сол уақытта Құдайберді Тимурташ жиырма бес жаста еді”; *Bu yèrniñ şerfesini közlep Semerkand muhārasida neçe maħall munda olturup édi* (48a) “Бұл жердің қолайлылығын байқап, Самарқандты қоршау кезінде бірнеше рет мұнда отырған едім”.

«Бабырнама» ескерткіші тіліндегі жатыс септігі көрсеткіштерінің контекстке байланысты атқаратын қызметтері: сөйлемде әрекеттің жасалу орнын білдіреді; әрекеттің орын алған күйін, шарттарын және әрекеттен әсер алған аймақты білдіреді; барыс септіктің қызметін атқарып әрекеттің бағытын білдіреді; әрекеттің орын алған уақытын немесе уақыттағы бір нүктені көрсетеді.

Бұл септік көне түрк тілінде қалай қолданылса, шағатай және қыпшақ кезеңдерінде қолданысын жалғастырған. Қазақ тілінде де бұл жалғау еш өзгеріссіз көне түрк тіліндегідей қолданысқа ие.

Шығыс септік. Шығыс септігі «іс-әрекеттің, қимылдың неден, қай жерден басталғанын, қимыл иесінің басты объектіден алыстап, ұзап бара жатқанын сипаттайды» [9]. «Көне түрк тілінде бұл қосымша қысаң дауысты дыбысты –дын/-дін, -тын/-тін формасында болған; диалектілерде сирек болса да -дан, -ден, -тан, -тен де кездеседі [15, 11]; жатыс септік үшін қолданылатын -да/-де, -та/-те қосымшаларының кейде шығыс септік мағынасында да қолданылғаны байқалады. Шағатай түркі тілінде бұл қосымша -дын/-дин, -тын/-тин, үшінші жақ тәуелдік жалғаудан кейін әдетте -ндын/-ндин түрінде болады; сирек жағдайда ашық дауысты дыбысты түрі қолданылатыны байқалады [13, 14]. Қыпшақ түркі тілінде қосымша -дан/-ден, -тан/-тен формасында қолданылған [12].

«Бабырнама» тілінде шығыс септік жалғауының сөйлем ішіндегі байланыстары мен қызметі бірнеше бағытта көрініс табады:

1) Әрекеттің орын алған немесе басталған жерін көрсетеді. Осы мағынасымен барыс септіктің қарама қарсы мағынасын білдіреді: *Qara Su, kim Āb-ı Raḥmet hem derler, Kān-ı Gil'niñ ortasıdın aqar yeti sèkiz tégirmen suı bolğay* “Аб-ы Рахмет деп те аталатын Қара Су, Кан-ы Гилдің ортасынан ағып өтеді, жеті-сегіз диірмен суы болады”; *Muḥāşara avānıda qurğān faşılınıñ üstidin her kèçe évrülür édük* (92a) “Қоршау кезінде қамал қабырғасының үстінен әр түнде жүріп өтіп, серуендейтінбіз” *Bu yurttın köçür Qara Bāğ yanıdağı Aq Sarāy öleñige tüşüldi* (126a) “Бұл мекеннен кетіп, Қара Бақтың жанындағы Ақ Сарай шабындығына келінген еді”; *Fîruze Dervāzesi'din Şeyḫzāde Dervāzesi'ğaça faşıl üstidin at bile yürüşe bolur édi* “Фируза қақпасынан Шейхзада қақпасына дейін қабырға үстімен атпен жүретін”; *Kābil'din on iki on üç yığaç ve Ğazni'din yeti sèkiz yığaç yol olacak* (139a) “Кабилден он екі-он үш йығач (ұзындық өлшем бірлігі) және Газнеден жеті-сегіз йығач жол болады”.

2) Әрекеттің орын алған уақытын немесе уақыттағы орнын білдіреді: *Ömer Şeyḫ Mîrzā vāki'asıdın soñ mēniñ eşikimde şāhib ihtiyār ol édi* (14a) “Өмер Шейх Мырзаның асынан кейін (қайтқаннан кейін) менің есігімнің таңдаулысы ол еді”; *Abdul-rezzāk Mîrzā mēndin ilgeri kēlip tüşken égendür* (211b) “Абдулреззак Мырза мен келмей тұрып, сол жерге түскен”.

3) Заттардың неден жасалғанын білдіреді: *Hwāce Mîr Sultān'ğa ve oğlanlarığa ve özge elçilerge hem altundın kümüşdin tarkaş bile in'āmlar boldı* (352b) “Хожа Мир Сұлтанға және оның ұлдарына, сондай-ақ басқа елшілерге де алтын мен күмістен сый-сияпаттар жасалды”; *Suḥ ve Huşyār'dın kēlgenlerge çekmenler ve qumāş hil'atlar ve altundın ve kümüşdin raḥtdın cinsdin in'āmlar boldı* (352b) “Сұһ пен Хұшьярдан келгендерге кеудешелер, мата шапандар, алтын мен күмістен әр түрлі заттар сыйға тартылды”.

4) Белгілі бір топтың немесе бүтіннің бір бөлігін не болмаса бір бөліктің тиесілі болған бүтінін, тобын немесе келген жерін көрсете алады: *Barıdın Qoş Bēg yaḥşıraq bardı* “Коч мырза бәрінен жақсырақ келді”; *Gāhī mēn, gāhī Qāsım Bēg, gāhī yana bēglerdin ve içkilerdin ēvrülürler ēdi* (92a) “Кейде мен, кейде Қасым Мырза, кейде де билер мен іштегілердің біреуі жүруші еді”; *Kābil bölükātıdın bir bölük Ala Say bölükidir* (139b) “Кабул бөлімдерінен бір бөлімі – Ала Сай бөлігі”; *Hezārelerdin külli rāi Sultān Mes’ūdi Hezāre’dür, Afğānlardın külli rāi Mehmed Afğāni dūr* (140a) “Хазарлардан ең көбі Султан Месуди хазарлары, ал Ауғандардан ең көбі Мехмед Ауғаны”; *Bēg ü bēgātın ve yigit yeleñdin yēti sēkiz yüz kişi mēndin tamām ayrıldılar* (55a) “Билер мен батырлардан жеті-сегіз жүз адам, түгелдей менен ажырады”.

5) Әрекеттің себебін көрсетеді, «осы себеппен» деген мағынада сөйлем құрылымында орын алады: *Yokkarı okkñ qarbidın Hwāce Hızır Mescid’din ilgeri öte almadılar* (92a) “Жоғарыдан келген оқтың күшінен (көптігінен) Хожа Хызыр Мешітінің іргесіне өте алмады”; *Moğullarnıñ yek-cihetliğıdın ğaraž özlerini alardın ayırmağlıq ēgendür* (126b) “Моңғолдардың жақтас болуындағы мақсаттары олардан өзін бөлу екен”; *Tenbel’ğa muqarrab bolup ğalaba yağılıklar ve yamanlıklar bu atalıq oğullıqtın zuhurğa kēldi* (79b) “Тенбелге жақын болғандықтан (жақындықтарының себебінен), осы әке мен баладан көптеген дұшпандықтар мен жамандықтар пайда болды”; *Çün Andicān almaqtın me’yūs boldılar...* (55a) “Әндіжанды алуға үміттерін үзгендіктен...”.

6) Салыстырылып тұрған екі элемент арасында байланыс орнатады: *Nicrāv çağırlarındın Ala Say çağırları tündraq ve hoş-rengraqtur* “Ниджрав шараптарынан Ала Сай шараптары өткір әрі әсем түсті”; *Ol viläyette Ala Say anārıdın yaḥşıraq anār bolmas* (140a) “Ол өңірде Ала Сай анарынан жақсырақ анар болмас”; *Bu andın yamanraq* (81a) “Бұл одан жамандау”; *Mēndin kēyinrek Dost Bēg ēdi* (234a) “Дост Бей менен кейіндеу еді”.

«Бабырнама» тілінде шығыс септік жалғауы сөйлем ішінде әрекеттің орын алған немесе басталған жерін көрсетеді; әрекеттің орын алған уақытын немесе уақыттағы орнын білдіреді; заттардың неден жасалғанын білдіреді; белгілі бір топтың немесе бүтіннің бір бөлігін немесе бір бөліктің тиесілі болған бүтінін, тобын немесе келген жерін көрсете алады; әрекеттің себебін көрсетеді, «осы себеппен» деген мағынада сөйлем құрылымында орын алады; салыстырылып тұрған екі элемент арасында байланыс орнатады.

Шағатай кезеңінде бұл жалғаудың көне түрк тіліндегі формада қолданысын жалғастырғанын көреміз, ал қыпшақ тілінде жалғаулар -dan, -den, -tan, -ten формасын алған. Қазақ тілінде де қыпшақ кезеңінде қалыптасқан жалғау түрлерінің қолданысын көре аламыз, сонымен қатар қазақ тілінде -nan, -nen формасының қосылғанын атап өткен жөн деп санаймыз.

Көмектес септік. Көптеген түркі тілдерінде көмектес септік көрсеткішінің қызметін атқаратын тұлғалар септік жалғауы ретінде танылмайды, жалғаулық шылаулар ретінде негізгі сөзден бөлек жазылады [9]. Көмектес немесе құралдық септік іс-қимылдың, әрекеттің қандай да бір құрал арқылы атқарылатынын сипаттайды, сондай-ақ іс-әрекетке ортақ субъектіні, әрекет-қимылдың амалын, мақсатын да айқындайды. Көне түрк тілінде көмектес септік -n; -ın / -in; -an / -en; -un) / -ün жалғаулары арқылы жасалған

еді [15]. Erdal, *ok+un* “оқпен”, *yol+un* “жолмен”, *küz+ün* “күзде”, *söz+ün* “сөзбен”, *könl+ün* “көңілмен” сияқты мысалдарды атап өтіп, көне түрк тілінде көмектес септіктің *bi(r)le* және *öñi* шылауларымен бірігіп, кеңейген формаларының болғандығына да тоқталған. Бұл кеңейтілген формалар арасында *-(X)pAn*, *-(X)pAnXn*, *-zUnIn*, *+sXzXn* мысалдарын көруге болады [17]. Шағатай түркі тілінде -п жалғауы үстеулерде кіріккен формада кездеседі; *-la/-le* өте сирек қолданылады: *arqan*, *bilen*, *ékin*, *için* [13, 14]. «Бабырнама» тілінде – *Ekser qazaqlıqlarda ve fetretlerde meniñ bilen bile keldiler* (11a) “Тоқырау кезінде менімен бірге еді.”

Көмектес септік сөйлемде іс-әрекеттің қалай жүзеге асқанын және іс-әрекетке қатысатын немесе одан әсер алатындарды көрсетуге; іс-әрекеттің уақытын және мәнін анықтауға көмектесетіні анықталған.

Көне түрк тіліндегі *birle* шылауының кейінгі кезеңдерде жалғауға қалыптасқанын көреміз, ал қазақ тіліндегі бұл шылаудан қалыптасқан *-men/-menen*, *-ben/benen*, *-pen/-rep* көмектес септік жалғауларының тек жіңішке дауысты формаларының болуы шылаудың әлі жалғауға өту кезеңінде екенінің дәлелі. Көне түрк тіліндегі -п жалғауы қолданыстан шығып, тек кейбір сөздердің ішінде кіріккен формада сақталған.

Қорытынды

Түркі тілдерінде толыққанды сөйлемнің жасалуы мен сөйлем ішінде синтаксистік қатынастардың үйлесімді жүзеге асуында септік категориясының көрсеткіштері маңызды рөл атқарады. Тараптардың біреуі есім тұлғасында болып келетін байланыстарда, құрамдас бөліктерді бір-біріне байланыстыратын есім жалғауларының қызметін сөйлемнің мағынасы анықтайды. Бұл XVI ғасыр мұрасы – «Бабырнама» ескерткіші тілінен де айқын көрінеді.

Есім сөздердің сөйлем ішінде басқа сөздермен мағыналық бірліктер құруын қамтамасыз ететін септік жалғаулары контекстке сәйкес түрлі мән-мағына беріп, әртүрлі қызмет атқарады. «Бабырнама» тілінде де септік жалғауларының сөйлем құраудағы рөлі, мағынасы мен функционалдық қызметі контекстке байланысты айқындалады. Талдауға алынған тілдік деректер негізінде «Бабырнама» мәтіні арқылы келесі қорытындыларға қол жеткізілді:

Атау септіктегі зат есімдер мен есімдіктер, басқа да субстантивтенген сөйлемде бастауыш және баяндауыш ретінде қолданылады. Ілік септік жалғанған жағдайда сөйлемге қатысқан есім басқа бір есіммен «тәуелділік, меншік» тұрғысынан байланыс орнатып, осы байланыстың нәтижесінде пайда болған сөйлем бірлігі сөйлемде бастауыш, толықтауыш, үстеу ретінде қызмет атқарады. Ілік септік жалғанған есім негізгі сөйлемнің немесе қосымша сөйлемнің толықтауышы ретінде қызмет атқара алады. Сонымен қатар шағатай түрік тілінің ерекшелігі ретінде «Бабырнамада» да ілік септіктің «қатынас орнату» функциясымен екі есім арасында «қатынас» орнатып, сөйлем құрамындағы толықтауыш ретінде қолданылады.

Барыс септік жалғауы жалғанған есім сөйлемнің контекстіне қарай іс-әрекеттің бағытын және кімге бағытталғанын; «-ге дейін» мағынасымен аталған кеңістіктің

шекараларын; «үшін» мағынасымен іс-әрекеттің мақсатын, нысанасын, себебін; сөйлемнің іс-әрекетін жасаушы тұлғаны; «үстінде, ішінде» мағынасымен іс-әрекеттің бағытын және іс-әрекет жүзеге асқан уақыттың шекараларын көрсетеді.

Табыс септік жалғанған есім – әрекеттен тікелей әсер алатын тұлға немесе зат болып табылады. Бұл жағдайда, табыс септігіндегі есім негізгі сөйлем мен сабақтас сөйлемнің объектісі (немесе өзегі) ретінде қызмет атқарады. Сөйлемде толықтауыш қызметін атқарып, зат есім мен етістік арасында байланыс орнатады.

Жатыс септік іс-әрекеттің жүзеге асқан орнын көрсету ғана емес, сонымен қатар іс-әрекет орын алған жағдайды, шарттарды және іс-әрекеттің нәтижесінен әсер алған кеңістікті көрсетеді. Бұған қоса, жатыс септік жалғанған есім іс-әрекеттің бағыттаушы функциясы ретінде іс-әрекеттің бағытын көрсеткені де анықталған. Сонымен бірге, жатыс септік жалғанған есімнің іс-әрекет болған уақытқа немесе уақыт сызығындағы бір нүктеге сілтеме жасайтынына да тілдік деректер арқылы көз жеткізуге болады.

Шығыс септік әрекеттің орын алған немесе басталған жерін көрсетеді. Осы мағынасымен барыс септіктің қарама қарсы мағынасын білдіреді. Әрекеттің орын алған уақытын немесе уақыттағы орнын сипаттайды, заттардың неден жасалғанын айқындайды. Белгілі бір топтың немесе бүтіннің бір бөлігін не болмаса бір бөліктің тиесілі болған бүтінін, тобын немесе келген жерін көрсете алады. Сонымен қатар әрекеттің себебін көрсетеді, «осы себеппен» деген мағынада сөйлем құрылымында орын алады. Көмектес септік жалғанған есім сөздер сөйлемде іс-әрекеттің қалай жүзеге асқанын және оған қатысқан немесе оның ықпалымен жүзеге асқан іс-қимылдарды көрсетеді; іс-әрекеттің уақытын және сипатын айқындауға мүмкіндік береді (1-кесте).

1-кесте. Септік жалғауларының қолданысы

Септіктер	Көне түрк тілі	Шағатай	Қыпшақ	Қазақ тілі
Атау септік	ø	ø	ø	ø
Ілік септік	-iñ, -iñ, -uñ, -üñ; -niñ, -niñ, -nuñ, -nüñ	-niñ, -niñ, -nuñ, -nüñ, bazen -ni, -ni	-niñ, -niñ (zamlirlerde -iñ, -iñ)	-niñ, -niñ, -diñ, -diñ, -tiñ, -tiñ
Табыс септік	-g, -ğ -(l)n -ni, -ni	-ni, -ni -n	-ni, -ni -n	-ni, -ni, -di, -di, -ti, -ti -n
Барыс септік	-қа, -ke, -a, -e, -ya, -ye	-ğa, -ge, -қа, -ke, -a, -e	-қа, -ke, -ğa, -ge, -a, -e	-қа, -ke, -ğa, -ge, -a, -e
Жатыс септік	-da, -de, -ta, -te	-da, -de, -ta, -te	-da, -de, -ta, -te	-da, -de, -ta, -te
Шығыс септік	-dın/-din, -tın/-tin -da/-de, -ta/-te	-dın/-din, -tın/-tin	-dan/-den, -tan/-ten	-nan, -nen, -dan, -den, -tan, -ten

Көмектес септік	-n	-n, (-la/-le kalıplaşmış)	-n, -la/-le; -layın, -leyin	-men /-menen -ben/-benen -pen/-penen
--------------------	----	---------------------------------	-----------------------------------	--

Түркі жазба тілінің XVI ғасырдағы қалып-күйін сипаттайтын «Бабырнама» ескерткіші тіліндегі септік категориясының қолданыс ерекшеліктері, септік көрсеткіштерінің тұлғасы мен мағынасы, сөйлем құрамындағы атқаратын қызметі жағынан қазақ тіліндегі септік жалғауларына толық сәйкес келеді. Төмендегі кестеде де көрсеткеніміздей, қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғауларының нұсқаларының ескерткіш тіліндегі нұсқаларына қарағанда ауқымды болуы төрт ғасырдан аса уақыт ішіндегі тілдік дамуға, қазақ тіліндегі үндестік заңдылығының белсенділік деңгейіне қатысты қалыптасқан құбылыс. «Бабырнама» ескерткіші тіліндегі септік жалғауларының қолданысын сипаттайтын тілдік бірліктер шағатай жазба тілін ескі қазақ жазба тілінің XV-XVI ғасырлардағы көрінісі, тарихи арнасы ретінде қарастыруға толық мүмкіндік береді.

Авторлардың қосқан үлесі.

Халметов А.Р. – хат-хабарға жауапты автор, әдебиетпен жұмыс жасау, материалдарды жинау және аудару, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, зерттеу мақаласын жазу.

Ескеева М.Қ. – мақаланың тұжырымдамасын, тақырыбын айқындау, материалдар жинау және бағыт-бағдар беру.

Баймухамбетова Э. – әдебиетпен жұмыс жасау, материалдарды жинау және мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Akün Ö.F., Konukçu E. "Bâbü'r" // TDV İslam Ansiklopedisi, IV. – İstanbul, 1991. – S. 396-400.
2. Балақаев М. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1967. – 236 б.
3. Тенишев Э.Р. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 2002. – 767 с.
4. Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
5. Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul, 2013. – 407 s.
6. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
7. Serebrennikov B.A., Gadjiyeva N.Z. Türk Yazı Dillerinin Karşılaştırmalı -Tarihî Grameri. (Çev. Tefik Naciye - Mustafa Öner). – Ankara: TDK yayınları, 2011.
8. Түймебаев Ж., Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Алматы: Қазығұрт, 2016. – 368 б.
9. Tekin T. Orhon Türkçesi Grameri. – Ankara, 2010. – 328 s.
10. Eraslan K. Eski Uygur Türkçesi Grameri. – Ankara, 2012. – 664 s.
11. Karamanlioğlu A.F. Kıpçak Türkçesi Grameri. – Ankara: TDK Yayınları, 1994. – 164 s.
12. Eckmann J. Harezmi, Kıpçak ve Çağatay Türkçesi Üzerine. – Ankara: TDK Yayınları, 2014. – 438 s.
13. Bodrogligeti Andras J.E. A Grammar of Chagatay. – Muenchen: Lincom Europa, 2001. – 438 p.

14. Gabain A. Eski Türkçenin Grameri (Çev. Mehmet Akalın). – Ankara: TDK Yayınları, 1988. – 313 s.
15. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
16. Erdal M.A. Grammar of Old Turkic. – Leiden: Brill, 2004. – 575 p.

А.Р. Халметов¹, М.К. Ескеева¹, Э. Баймухамбетова²

¹*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Maqsut Narikbayev University, Астана, Казахстан*

Особенности падежных окончаний в языке «Бабырнама»

Аннотация. Чагатайский язык использовался всеми восточными тюркскими народами, населяющими обширные территории с XV по XX век, как единый письменный язык, и на нем было написано множество ценных произведений. Одним из таких произведений является «Бабурнама» (XV-XVI века), автором которой является Захир ад-дин Мухаммед Бабур шах. Творчество Бабура занимает особое место в истории тюркских народов. Это произведение является источником тюркской культуры и истории, а также важным источником, который позволяет понять путь развития современных тюркских письменных языков. В статье проводится сравнительный анализ падежных окончаний и их функции в предложениях в «Бабурнаме» на основе данных других тюркских письменных памятников. Дается общая характеристика пути развития категории падежа в тюркских языках, а также определяются особенности падежных окончаний в языке «Бабурнама». Рассматривается грамматическое значение и функции падежных окончаний в языке письменных памятников, их способность связывать слова в предложении и обеспечивать синтаксические отношения. Язык произведения Захира ад-дина Мухаммеда Бабура «Бабурнама» рассматривается с точки зрения ранней формы староказахского языка.

Ключевые слова: Бабур, тюркология, рукопись, чагатайский язык, падежные окончания, тюркские языки.

A.R. Khalmetov¹, M.K. Yeskeyeva¹, E. Baimukhambetova²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan*

Features of case endings in the «Baburnama» language

Abstract. The Chagatai language was used by all Eastern Turkic peoples inhabiting vast territories from the 15th to the 20th century as a unified written language, and many valuable works were written in it. One such work is the Baburnama (15th-16th centuries) by Zahir ad-Din Muhammad Babur, the shah. Babur's creativity occupies a special place in the history of the Turkic peoples. This work is a source of Turkic culture and history, and also an important source that helps to understand the development path of modern Turkic written languages. The article presents a comparative analysis of the case endings and their functions in sentences in the Baburnama, based on data from other Turkic written monuments.

A general description of the development of the case category in Turkic languages is provided, and the specific features of the case endings in the language of the Baburnama are identified. The grammatical meaning and functions of case endings in the language of written monuments, their ability to connect words in a sentence, and their role in ensuring syntactic relationships are discussed. The language of Zahir ad-Din Muhammad Babur's Baburnama is considered from the perspective of the early form of the Old Kazakh language.

Keywords: Babur, Turkology, manuscript, cases, Chagatai language, Turkic languages.

References

1. Akün Ö.F., Konukçu E. "Bâbü" [Babur], TDV İslam Ansiklopedisi, IV [TDV Encyclopedia of Islam, IV], 396-400 (1991). [in Turkish]
2. Balakaev M. Kazak tilinin gramatikasy. Morfologiya [Grammar of the Kazakh language. Morphology]. (Gulym, Almaty, 1967, 236 p.). [in Kazakh]
3. Tenishev E.R. Sravnitel'no-istoricheskaya gramatika tyurkskikh yazykov. Morfologiya [Comparative historical grammar of the Turkic languages. Morphology] (Nauka, Moscow, 2002, 767 p.). [in Russian]
4. Aidarov G. Tonikuk eskertkishinin (VIII asar) tili [The language of the tonikuk monument (VIII century)] (Qazaqstan, Almaty, 2000, 120 p.). [in Kazakh]
5. Ergin M. Türk Dil Bilgisi [Turkish Language Knowledge] (İstanbul, 2013, 407 p.). [in Turkish]
6. Isaev S. Kazak til bilimining maseleleri [Problems of Kazakh linguistics] (Abzal-ai, Almaty, 2014, 640 p.). [in Kazakh]
7. Serebrennikov B.A., Gadzhieva N.Z. Türk Yazı Dillerinin Karşılaştırmalı-Tarihî Grameri [Comparative -Historical Grammar of Turkish Written Languages] (TDK yayınları, Ankara, 2011). [in Turkish]
8. Tuimebaev Zh., Eskeeva M. Kone turki zhazba eskertkishti tilinin morfologiyalyk zhuesi [Morphological system of the language of ancient Turkic written monuments] (Kazygurt, Almaty, 2016, 368 p.). [in Kazakh]
9. Tekin T. Orhon Türkçesi Grameri [Orkhon Turkish Grammar] (Ankara, 2010, 328 p.). [in Turkish]
10. Eraslan K. Eski Uyğur Türkçesi Grameri [Grammar of the Old Uyghur Turkish] (Ankara, 2012, 664 p.). [in Turkish]
11. Karamanlıoğlu A.F. Kıpçak Türkçesi Grameri [Kipchak Turkish Grammar] (TDK Yayınları, Ankara, 1994, 164 p.). [in Turkish]
12. Eckmann J. Harezmi, Kıpçak ve Çağatay Türkçesi Üzerine [On Kipchak and Chagatai Turkish] (TDK Yayınları, Ankara, 2014, 438 p.) [in Turkish]
13. Bodrogligeti Andras J.E. A Grammar of Chagatay. (Lincom Europa, Muenchen. 2001, 438 p.).
14. Gabain A. Eski Türkçenin Grameri [Grammar of the Old Turkish] (TDK Yayınları, Ankara, 1988, 313 p.). [in Turkish]
15. Tomanov M. Kazak tilinin tarixi gramatikasy [Historical grammar of the Kazakh language] (Mektep, Almaty, 1988, 264 p.). [in Kazakh]
16. Erdal M. A Grammar of Old Turkic. (Brell, Leiden, 2004, 575 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Халметов А.Р. – Түркітану кафедрасының PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ескеева М.Қ. – ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Баймухамбетова Э. – Аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы, Maqsut Narikbayev University, Астана, Қазақстан.

Халметов А.Р. – PhD докторант кафедры тюркологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Ескеева М.К. – д.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Баймухамбетова Э. – старший преподаватель кафедры переводческое дело, Maqsut Narikbayev University, Астана, Казахстан.

Khalmetov A.R. – PhD student at the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Yeskeyeva M.K. – Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Baimukhambetova E. – Senior Lecturer at the Department of Translation, Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).